

## Жер участеклеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Костанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 534 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1 тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, "Костанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 102, № 103, № 108 бүйректермен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде Костанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Костанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан осы қаулының қосымшасына сәйкес жер участеклеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Костанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Костанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Костанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жұндібаев

Әкімдіктің

2024 жылғы 4 сәуірдегі

№ 533 қаулысына

қосымша

**"Костанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгіленетін жер участеклерінің тізбесі**

1) Костанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, Дөненбаева көшесі, (Досжанов көшесі, Достық көшесі), Темірбаев көшесіне дейін Дзержинский көшесінің шекарасында Тәуелсіздік көшесі мекенжайында орналасқан жер участекі, жалпы алаңы 1,4551 гектар, Костанай қаласында Тәуелсіздік көшесінің, Дөненбаева көшесінің (Досжанов

көшесінің, Достық көшесінің), Темірбаев көшесіне дейін Дзержинский көшесінің шекарасында Тәуелсіздік көшесінің шекарасында өтпежол құрылышының техникалық-экономикалық негізdemесін әзірлеу үшін;

2) Қостанай қаласы, Абай даңғылынан Баймағамбетов көшесіне дейін шекараларда Фролов көшесі бойынша мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 1,2866 гектар, Қостанай қаласында Абай даңғылынан Баймағамбетов көшесіне дейін шекараларда Фролов көшесін қайта жаңарту үшін;

3) Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, Дөненбаева көшесі, (Досжанов көшесі, Достық көшесі), Перонная көшесіне дейін Майлин көшесінің шекарасында Досжанов көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,9996 гектар, Тәуелсіздік көшесінің, Дөненбаева көшесінің, (Досжанов көшесінің, Достық көшесінің) , Перонная көшесіне дейін Майлин көшесінің шекарасында Досжанов көшесінің шекараларында өтпежол құрылышының техникалық-экономикалық негізdemесін әзірлеу үшін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК